«Бекітемін»
М.Габдуллин атындағы №3
көпсалалы гимназия директоры
__________ А.М.Ахмеджанова
«29» _____ 2023ж.

«Келісілді»
ДТІЖЖ орынбасары
________ О.Ж.Тержанова
«29» __08__ 2023ж.

**Күнтізбелік – тақырыптық жоспар**

Пән: Тележүргізуші үйірмесі

Сынып: 10 «А»

Пән мұғалімі: Шахан Ә.Е

Барлығы: 34, аптасына: 1 сағ.

2023-2024 оқу жылы

**Түсінік хат**

«Тележүргізуші» үйірмесі жалпы білім беретін мектептердің 8-10 сыныптарына арналып жасалынды. Көмекші құрал ҚР «Білім туралы» Заңының, ҚР «Білім» бағдарламасының, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартының талаптарын ескере отырып жасалды.

Жүргізуші немесе диктор - радио және теледидардың бет-бейнесі. Миллиондаған тыңдаушылар мен көрермендерге мемлекетімізде, алыс-жақын шетелдерде болып жатқан өзгерістер мен жаңалықтарды, оқиғалар мен фактілерді жеткізе отырып, еліміздің саяси-экономикалық, мәдени-рухани деңгейінің артуы жолында қызмет атқарады.

Уақыт талабына байланысты бүгінде дикторның сөйлеу мәнерінің өзгеріп, қарапайымдылыққа, шынайылыққа бет бұруы – оны тыңдаушы-көрерменге барынша жақындата түсті. Дайын текті сауатты түрде мәнерлеп оқып беру – күннен-күнге жеткіліксіз бола бастады. Бұл орайда сөз – сөз үшін емес, ол дикторның ішкі жан дүниесін, оның ойы мен талап-тілегін жеткізу үшін қолданылуы керек болды. Яғни, микрофон алдында сөзбен белгілі бір мақсат үшін әрекет ете білу, тыңдаушы-көрерменге әсер ете білу – дикторның басты мақсатына айналды. Бұл өз кезегінде дикторның тіл техникасына, сөз әрекетінің элементтеріне қатты көңіл бөлуін талап етеді. Оқушылар үшін бұл үйірменің берер пайдасы мол. Біріншіден, оқушылардың танымдық, шығармашылық қабілетттерін артады. Білім алуға, ізденуге әркет жасайды. Екіншіден, ойлау қабілеттері, тіл байлықтары, шығармашылық қабілеттері шыңдала түседі. Үйірме барысында оқушылар анық сөйлеуді, қазақ тіліндегі сөздердің дұрыс айтылу заңдылықтарын сақтай білуді, мақала жазуды, репортаж жасауды үйренеді.

«Тележүргізуші» үйірмесі қазақ әдебиеті пәніне негіздей отырып, көрген – білгенді көкейге тоқып, көп үйреніп ізденудің арқасында шебер сөйлеуге жаттығады. Бұл жинақ білім беруде «Қазақ әдебиеті» пәніне қосымша сабақ ретінде алынып отыр. Үйірме 8-10 сыныптарға арналып, 34 сағаттан жоспар құрылды.

**Тележүргізуші үйірмесі 10 «А» сынып**

**Барлығы – 34 сағат**

**Апталық сағат саны – 1 сағат**

| № | Сабақтың тақырыбы | Сағат саны | Мерзімі |
|---|---|---|---|
| 1 | Кіріспе. «Тележүргізуші» үйірмесі туралы түсінік. Мақсат, міндеті,жоспарымен таныстыру | 1 | |
| 2 | Шешендік сөздің тарихына шолу | 1 | |
| 3 | Тыныс, дауыс, дикция туралы ұғым | 1 | |
| 4 | Орфоэпиялық заңдылықтар | 1 | |
| 5 | Сөйлеу мәдениетімен таныстыру | 1 | |
| 6 | Менің шешендігім... (пікірталас ұйымдастыру) | 1 | |
| 7 | Қазыбек бидің шешендігі | 1 | |
| 8 | Көркем сөз оқу өнері | 1 | |
| 9 | Атақты тележүргізушілер жайлы дискуссия | 1 | |
| 10 | Мәнерлеп оқу мен әңгімелеп берудің негізгі тәсілдері | 1 | |
| 11 | Интонация және оның компоненттері | 1 | |
| 12 | Бұқаралық ақпарат құралдары туралы түсінік | 1 | |
| 13 | Екпін, кідіріс | 1 | |
| 14 | Радио туралы түсінік | 1 | |
| 15 | Радио дикторы. | 1 | |
| 16 | Теледидар туралы түсінік | 1 | |
| 17 | Теледидар дикторы | 1 | |
| 18 | Сөздің дұрыс айтылу заңдылықтары | 1 | |
| 19 | Әдеби тіл және оның нормалары | 1 | |
| 20 | Сахнада сөйлеу шеберлігін жетілдіру | 1 | |
| 21 | Әдеби шығармаларды кейіпкерлендіру | 1 | |
| 22 | Менің сүйікті тележүргізушім | 1 | |
| 23 | Менің сүйікті бағдарламам | 1 | |
| 24 | Мектептегі өтетін іс-шараға диктор болу | 1 | |
| 25 | Наурыз мерекесіне бағдарлама өткізу | 1 | |
| 26 | Көктемгі су тасқынына тікелей репортаж жасау | 1 | |
| 27 | Көкшетаулық атақты тележүргізушілер | 1 | |
| 28 | Мәлік Ғабдуллиннің ашылған ескерткішіне тікелей репортаж жасау | 1 | |
| 29 | Мектептегі іс-шараны бейнероликке түсіру | 1 | |
| 30 | 1-мамыр мерекесіне репортаж жасау | 1 | |
| 31 | ҰОС ардагерлерімен «Жеңістің мәңгілік алауы» тақырыбында сұхбат алу | 1 | |
| 32 | Сүйікті ұстаз тақырыбына мақала жазу | 1 | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| 33 | Көкшетау қаласының көрікті жерлеріне саяхат, репортаж | 1 | |
| 34 | Жыл бойы өткен тақырыптарды жинастыру, есеп беру. Қорытынды сабақ | 1 | |
| Барлығы | | **34** | |